8D10103 – «Мейіргер ғылымы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған «Қазақстан Республикасындағы мейіргер ісін реформалау жағдайында көшбасшылық құзыреттерді дамыту» тақырыбындағы Максудова Махигуль Халмурзаевнаның диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Қазақстан Республикасындағы мейіргерлік қызмет соңғы жылдары реформалаудың белгілі бір кезеңдерінен өтті. Осы өзгерістерді және олардың елдегі мейіргерлік істің одан әрі дамуына ықпалын зерттеу маңызды болып табылады. Денсаулық сақтау саласының өзгеріп отырған секторында мейіргерлік көшбасшылықты дамыту Қазақстан Республикасында мейіргерлік істі дамыту жөніндегі Кешенді жоспарда атап көрсетілгендей, мейіргерлік істі жаңғырту және реформалау үдерісінің қажетті шарты ретінде қарастырылады.

Денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі жаһандық есептерге сәйкес, мейіргерлер стратегиялық жоспарлау мен шешім қабылдау үдерістеріне іс жүзінде қатыса бермейді. Мейіргерлік персонал арасында көшбасшылықтың жеткіліксіз болуы денсаулық сақтау жүйесі үшін маңызды мәселе болып саналады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дайындаған «Әлемдегі мейіргерлік іс туралы баяндамада» денсаулық сақтау саясатын қалыптастыру мен шешім қабылдау үдерісінде ықпалды рөл атқаруын қамтамасыз ету үшін мейіргерлердің көшбасшылығын күшейту бірінші кезектегі міндет ретінде белгіленген. Аталған зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында мейіргерлік істі одан әрі реформалаудың негізгі компоненті ретінде мейіргерлік көшбасшылықты зерделеуді жалғастыру, реформаны қолдау үшін барлық деңгейде қажетті жаңа құзыреттерді анықтау, зерттеу және дамыту қажеттілігінен туындап отыр.

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді және кадрлық әлеуетті дамыту мен медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларымен үйлеседі. Осылайша, зерттеудің өзектілігі денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттырудың стратегиялық ресурсы ретінде мейіргерлік істегі көшбасшылықты ғылыми негіздеу және дамыту қажеттілігімен айқындалады, бұл ғылым, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді.

Зерттеу гипотезасы: Мейіргерлік көшбасшылықты дамыту Қазақстан Республикасында мейіргерлік істі одан әрі реформалаудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасындағы мейіргерлік көшбасшылықтың қазіргі жағдайын кешенді талдау негізінде мейіргер ісі мамандарының кәсіби қалыптасуының әртүрлі кезеңдеріндегі көшбасшылық құзыреттерін оңтайландыру.

Зерттеудің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік көшбасшылыққа талдау жүргізіп, медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау;

2) медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерінің дамуына әсер ететін басқарушылық, ұйымдастырушылық, тұлғалық және кәсіби факторларды айқындау;

3) медициналық ұйымдардағы жоғары және орта буын мейіргерлік қызмет менеджерлерінің көшбасшылық құзыреттерін бағалау;

4) мейіргерлік қызмет менеджерлерінің пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік көшбасшылықты дамыту бағыттарын анықтау;

5) басқарушылық қызметтің тиімділігін және мейіргерлік көмектің сапасын арттыруға бағытталған медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерін дамытуды оңтайландыру бойынша модель мен практикалық ұсынымдарды негіздеу.

Зерттеу әдістері: Диссертациялық зерттеу аясында сандық және сапалық тәсілдерді үйлестіретін аралас дизайн (mixed-methods research design) қолданылды. Зерттеу медициналық мейіргерлер мен мейіргерлік қызмет менеджерлері арасында бір мезгілде жүргізілген көлденең сауалнаманы, сондай-ақ жартылай құрылымдалған сұхбат әдісімен жүргізілген сапалық зерттеуді қамтыды. Алынған сандық және сапалық деректер көшбасшылық құзыреттердің даму факторларын кешенді бағалау және мейіргерлік көшбасшылық моделін негіздеу мақсатында интеграцияланды.

Дайындық кезеңінде көшбасшылық құзыреттерді, көшбасшылық стильдерді, кәсіби күйзелісті, стрессқа төзімділікті және медицина қызметкерлерінің басқарушылық құзыреттерін бағалауға арналған валидтелген халықаралық құралдарды іріктеу, аудару, мәдени бейімдеу және пилоттық сынақтан өткізу жүргізілді. Құралдар сараптамалық аударма арқылы орыс және қазақ тілдеріне аударылып, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің жағдайына бейімделді және олардың валидтілігі мен ішкі сәйкестігінің жоғары деңгейін растаған пилоттық зерттеуден өтті. Терминологиялық комитеттің қорытындысы алынды (№ 1 хаттамадан үзінді, 26.03.2024 ж.).

Сандық кезеңде кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдап алынған Қазақстан Республикасының 465 медициналық мейіргері арасында онлайн-сауалнама жүргізілді. Көшбасшылық қабілеттерді өзін-өзі бағалау үшін сенімділік көрсеткіштері жоғары ($\alpha > 0,90$) құралдар қолданылды: Д. Уэлчтің сауалнамасы, көшбасшылық стильдерді талдау үшін — MLQ-6S, психоэмоциялық факторларды бағалау үшін — MBI-HSS-MP сауалнамасы және стрессқа төзімділік шкаласы пайдаланылды.

Мейіргерлік қызмет менеджерлерінің көшбасшылық құзыреттерін бағалау үшін 58 мейіргерлік қызмет менеджері арасында онлайн-сауалнама жүргізуді және 23 респондентпен жартылай құрылымдалған сұхбат өткізуді қамтитын сандық-сапалық зерттеу жүзеге асырылды. Сапалық кезеңге қатысушылар саны теориялық қанығу (сатурация) қағидаты негізінде анықталды, яғни осы деңгейге жеткеннен кейін деректерді әрі қарай жинау жаңа маңызды ақпараттың пайда болуына әкелмеді. Зерттеу барысында мейіргерлік қызмет менеджерлерінің көшбасшылық құзыреттерін бағалауға арналған Линда Чейздің (Linda Chase) құралы және қақтығыс жағдайларындағы мінез-құлық стратегияларын талдау үшін Thomas–Kilmann Conflict Mode Instrument әдістемесі қолданылды.

Сапалық деректер ATLAS.ti 25 бағдарламасын пайдалана отырып тақырыптық талдау әдісімен өңделді. Сандық деректерді статистикалық өңдеу SPSS 23.0 бағдарламасында сипаттамалық және аналитикалық статистика әдістерін (корреляциялық, регрессиялық талдау, ANOVA) қолдану арқылы жүргізілді; статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ деп қабылданды.

Қорытынды кезеңде сандық және сапалық нәтижелер интеграцияланып, көшбасшылық құзыреттердің халықаралық шеңберлері (NHS, AONL, ICN, WHO) бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Соның негізінде Қазақстан Республикасының медициналық мейіргерлерінің көшбасшылық құзыреттерін дамыту моделі әзірленіп, практикалық ұсынымдар тұжырымдалды.

Зерттеу Хельсинки декларациясының этикалық қағидаттарына сәйкес жүргізілді. Барлық қатысушылар ерікті түрде ақпараттандырылған келісім берді, деректер анонимдендіріліп, тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстан Республикасында алғаш рет мейіргерлік көшбасшылықтың дамуына әсер ететін факторларға, оның ішінде басшылық тарапынан қолдау, көшбасшылық саласындағы білім, көшбасшылық стилі және эмоционалдық күйзеліс деңгейіне кешенді талдау жүргізілді.

2. Эмоционалдық интеллект, басқару және көшбасшылық, кәсіби даму, әлеуметтік жауапкершілік, өзін-өзі бағалау және коммуникация сияқты алты негізгі салаға негізделген медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерін дамыту моделі әзірленіп, теориялық тұрғыдан негізделді..

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Мейіргерлік көшбасшылықты дамыту бойынша әлемдік тәжірибе зерделеніп, Қазақстан Республикасындағы медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттері бағаланды. Зерттеу мейіргерлік практикада қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру үшін басым көшбасшылық стилін және көшбасшылықты дамыту бағыттарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді, бұл Қазақстан Республикасында мейіргерлік қызметті одан әрі реформалаудың негізгі тетігі болып табылады..

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің контекстіне бейімделген медициналық мейіргердің көшбасшылық құзыреттерін дамыту моделі әзірленді. Модель құзыреттердің әртүрлі деңгейде қалыптасуын ескере отырып, ұйымдық қолдауды күшейтуге, тәлімгерлікті дамытуға, стрессқа төзімділікті арттыруға және кәсіби автономияны кеңейтуге бағытталған. Қазақстандағы медициналық мейіргерлердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға арналған практикалық ұсынымдар әзірленді, сондай-ақ мейіргерлік іс саласындағы ресми құжаттарды (клиникалық нұсқаулықтар, стандартты операциялық рәсімдер және т.б.) жедел іздеуге арналған чат-бот жасалып, қазіргі уақытта апробациялау кезеңінде тұр.

Әзірленген модель мен анықталған факторлар медициналық ұйымдар басшыларының мейіргерлік персоналды басқару жүйесін және кадрлық саясатты жетілдіру мақсатындағы қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Көшбасшылық құзыреттерді дамытуға арналған әзірленген модель негізінде ұсынылған практикалық ұсынымдар медициналық мейіргерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жүйесіне, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту бағдарламаларына енгізілуі мүмкін. Бұл өз кезегінде тұрақты әрі тиімді мейіргерлік көшбасшылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Алынған нәтижелер медициналық ұйымдардың әкімшілігі тарапынан кадрлық саясатты оңтайландыру үшін, соның ішінде тәлімгерлік институтын дамыту, көшбасшылық құзыреттерді бағалау және қолдау құралдарын енгізу, қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру және персоналдың кәсіби күйзелісіне төзімділігін арттыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын ережелер:

1. Медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерін дамыту Қазақстан Республикасында мейіргерлік істі одан әрі реформалаудың негізгі бағыты болып табылады және ол мейіргерлік көмектің сапасын арттыруға, басқарушылық қызметтің тиімділігін күшейтуге және қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал ететін трансформациялық көшбасшылық қағидаттарына негізделуі тиіс. Сонымен қатар көшбасшылық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін транзакциялық көшбасшылық стилінің басым болуын шектеу қажет.

2. Мейіргерлік көшбасшылықтың дамуына әсер ететін негізгі факторлар: басшылық тарапынан қолдау, эмоционалдық күйзеліс деңгейі, мейіргердің жұмыс орнындағы өнімділігі және көшбасшылық стилі. Көшбасшылық құзыреттердің қалыптасуы денсаулық сақтау саласындағы білімнің, коммуникативтік және басқарушылық дағдылардың дамуына байланысты.

3. Мейіргерлік көшбасшылықты дамыту бағыттары айқындалды, оларға тәлімгерлік жүйесін қалыптастыру, медициналық мейіргерлердің басқару үдерістеріне қатысуын кеңейту, кәсіби қауымдастықтарды дамыту, білім деңгейін арттыру және еңбек жағдайларын жетілдіру жатады. Аталған факторлар кәсіби өсуді қамтамасыз етуге және мейіргер мамандығының мәртебесін нығайтуға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми жұмыстың нәтижелерін жинақтаудағы диссертанттың жеке үлесі. Диссертациялық зерттеудің барлық нәтижелері автордың тікелей қатысуымен алынған. Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби деректерге өз бетінше талдау жүргізді, деректерді жинау, өңдеу және талдау жұмыстарын атқарды, сондай-ақ диссертация қолжазбасын жазу және рәсімдеуді толықтай өзі орындады.

Негізгі нәтижелер мен қорытындылар:

1. Бірінші міндет бойынша Қазақстан Республикасының 465 медициналық мейіргері зерттелді. Респонденттердің орташа жасы 40,0±10,0 жасты, орташа еңбек өтілі — 16,3 жылды құрады. Көшбасшылық қабілеттерін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша медициналық мейіргерлердің 58,1%-ы өзін ашық және турашыл деп есептейді, 71,4%-ы кәсіби түйсігіне ие, 62,2%-ы стратегиялық ойлау қабілетіне ие екендігін көрсетті. Пациентке бағдарлануын 75,9%, тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін — 80,2%, команда құра білуін — 69,9%, әріптестерін шабыттандыру қабілетін — 66,7% атап өтті. Респонденттердің 79,8%-ы өз мамандығын жақсы көретінін көрсетсе, 20,2%-ы кәсіби қызметіне қанағаттанбағанын білдірді.

Мамандыққа деген сүйіспеншілік пен басқаларды шабыттандыру қабілеті арасында (r=0,774; p=0,01), тиімді коммуникация мен команда құру арасында (r=0,893; p=0,01) күшті тікелей корреляциялық байланыстар анықталды. Д. Уэлч әдістемесі бойынша респонденттердің 6,7%-ында көшбасшылық әлеуеттің төмен деңгейі байқалды. Көшбасшылық стильдерінің орташа мәндері 5 балдық шкала бойынша: трансформациялық — 2,68±1,04, транзакциялық — 2,62±1,02, араласпау стилі — 2,52±0,99 болды, бұл мейіргерлік көшбасшылықтың орташа деңгейін және басым стильдің жоқтығын көрсетеді.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының медициналық мейіргерлері арасында мейіргерлік көшбасшылық деңгейі орташа екені анықталды. Респонденттердің басым бөлігі негізгі көшбасшылық құзыреттердің қалыптасқанын көрсетті: 58%-дан астамы өзін негізгі мінез-құлық сипаттамалары бойынша көшбасшы деп санайды, ал тек 6,7%-ында көшбасшылық әлеует төмен деңгейде. Көшбасшылықтың басым стилінің болмауы (трансформациялық — 2,68; транзакциялық — 2,62; араласпау — 2,52) әртүрлі көшбасшылық тәсілдерді икемді қолдануды және көшбасшылық құзыреттерді одан әрі дамытуға әлеуеттің бар екенін көрсетеді.

2. Екінші міндет бойынша басшылық тарапынан көрсетілетін қолдаудың мейіргерлік қызмет менеджерлерінің көшбасшылық деңгейімен статистикалық тұрғыдан мәнді байланысы бар екені анықталды (r=0,455; p=0,01). Медициналық ұйымның типі жұмыс ортасының жағдайына елеулі әсер етеді (F=2,579–4,969; p<0,01). Шешім қабылдаудағы дербестік жауапкершілікті өз мойнына алуға дайындықпен тығыз байланысты (r=0,733; p=0,01). Медициналық мейіргерлердің 9,5%-ы жоғары стрессқа төзімділік көрсетті, ал 40,0%-ы стресстің айқын әсеріне ұшыраған. Күйзелістің орташа көрсеткіштері: эмоционалдық сарқылу — 25,34±15,24, деперсонализация — 12,48±7,92, кәсіби жетістіктердің редукциясы — 30,15±16,32 болды.

Көптік регрессиялық талдау мейіргерлік көшбасшылық деңгейінің негізгі предикторы басшылықтың қолдауы екенін көрсетті (B=0,867; p<0,001). Көшбасшылық туралы білім (B=0,165; p=0,020) мен трансформациялық стиль (B=0,168; p=0,043) оң әсер етсе, транзакциялық стиль (B=–0,324; p=0,002) кері әсер етеді. Көшбасшылық қабілеттерді өзін-өзі бағалауға еңбек өтілі (B=–0,223; p<0,001) мен эмоционалдық күйзеліс (B=–0,111; p=0,008) теріс ықпал етеді.

Қорытынды. Медициналық мейіргерлердің көшбасшылық құзыреттерінің дамуы басқарушылық, ұйымдастырушылық, кәсіби және тұлғалық факторлардың жиынтығымен анықталады, олардың ішінде жетекші рөлді медициналық ұйым басшылығының қолдауы атқарады (B=0,867; p<0,001). Көшбасшылық туралы білім мен трансформациялық стиль оң әсер етеді, ал транзакциялық стиль мен персоналдың жоғары саны көшбасшылықтың дамуын шектейді. Эмоционалдық күйзеліс пен стресс көшбасшылық қабілеттерді өзін-өзі бағалауға теріс әсер етіп, психологиялық және мінез-құлықтық қолдауға деген қажеттілікті арттырады.

3. Үшінші міндет бойынша мейіргерлік қызметтің 58 менеджері сауалнамаға қатысты (орташа жасы — 46,6±7,6 жас, еңбек өтілі — 22,2±10,0 жыл). Басқарушылық құзыреттерді білу мен оларды іс жүзінде қолдану арасында күшті корреляциялық байланыстар анықталды (p=0,001), алайда көшбасшылық құзыреттердің дамуы коммуникативтік құзыреттермен салыстырғанда әлсіздеу екені байқалды. Қақтығыс жағдайларында жиі

қолданылатын мінез-құлық стратегиялары: бейімделу — 22,5%, қашқақтау — 21,7%, ынтымақтастық — 21,1%, ымыраға келу — 21,0%, бәсекелестік — 13,7%.

Қорытынды. Мейіргерлік қызмет менеджерлерінде білім мен оны тәжірибеде қолдану арасындағы тығыз байланыс болғанымен, көшбасшылық құзыреттердің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз екені анықталды. Қақтығыс жағдайларында қашқақтау мен бейімделу стратегияларының басым болуы және ынтымақтастықтың салыстырмалы түрде сирек қолданылуы мейіргерлік қызметті басқару жүйесінде көшбасшылық және коммуникативтік дағдыларды мақсатты түрде дамыту қажеттігін көрсетеді.

4. Төртінші міндет бойынша 23 тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Көшбасшылықты дамытудың негізгі бағыттары ретінде білім беру, тәлімгерлік, эмоционалдық интеллект, кәсіби автономия, басқаруға қатысу, еңбек жағдайларын жақсарту және кәсіби қауымдастықтарды дамыту анықталды.

Қорытынды. Сапалық талдау Қазақстан Республикасында мейіргерлік көшбасшылықты дамыту кәсіби қауымдастық тарапынан көпдеңгейлі және үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылатынын көрсетті. Бұл үдеріс білім берудің, тәлімгерліктің, эмоционалдық интеллекттің, кәсіби автономияның және медициналық мейіргерлердің денсаулық сақтау жүйесін басқаруға қатысуының рөлін күшейтуді талап етеді. Тұрақты көшбасшылық дамудың негізгі шарттары ретінде институционалдық қолдау мен еңбек жағдайларын жақсарту танылды.

5. Бесінші міндет бойынша сандық және сапалық деректерді интеграциялау негізінде кәсіби қалыптасудың төрт деңгейін және көшбасшылықты дамытуды қамтамасыз ететін бес компонентті қамтитын эмпирикалық негізделген көшбасшылық құзыреттерді дамыту моделі әзірленді. Модель көшбасшылық құзыреттердің қалыптасу заңдылықтарын көрсетеді, халықаралық шеңберлермен және ұлттық басымдықтармен үйлестірілген және басқарушылық қызметтің тиімділігін арттыру мен мейіргерлік көмектің сапасын жақсарту үшін әдіснамалық негіз бола алады.

Диссертацияның апробациясы: Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері келесі ғылыми іс-шараларда ұсынылды:

- «Мейіргерлік істі реформалау: жетістіктері, мәселелері және болашағы» халықаралық конференциясы, Ақтөбе қ., 25.11.2022 ж.;
- «Өзгермелі әлемдегі мейірімнің жаһандық миссиясы: мейіргерлік іс» халықаралық конференциясы, Алматы қ., 13.05.2025 ж.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар:

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 10 еңбек жарияланды, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда 1 мақала (2-тізім);
- халықаралық конференциялар жинақтарында 4 жарияланым;
- шетелдік конференциялар жинақтарында 3 жарияланым;
- Scopus халықаралық дерекқорына кіретін журналдарда 2 мақала: Nursing Reports (Q2) және Georgian Medical News (Q3);
- авторлық құқық объектілеріне мемлекеттік тіркеу туралы 3 куәлік: № 45550 — 2024 жылғы 6 мамыр; № 45622 — 2024 жылғы 13 мамыр; № 56577 — 2025 жылғы 9 сәуір;
- ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерін енгізу туралы 3 акт.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертация компьютерлік теріммен 146 бетте баяндалған және кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, зерттеудің материалдары мен әдістерінен, автордың өз зерттеуінің 3 бөлімінен, практикалық енгізуге арналған қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын қорытындыдан, 146 атауды қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста 56 кесте, 18 сурет және 1 формула берілген. Қосымшалар саны — 7.